



"Облыстық тұтынушылар нарығы тауарларының сапасына бақылау жасауды күшейту туралы" облыс әкімінің 1999 жылғы 8 қаңтардағы N 4 шешіміне өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 28 шілдедегі N 155 Қостанай облысының әділет басқармасында 2000 жылғы 9 тамызда N 359 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімінің 2011 жылғы 11 шілдегі № 9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімінің 2011.07.11 № 9 шешімімен.

"Стандарттау және сертификаттау" туралы Қазақстан Республикасы Заңының күшінің жойылуына Z990435_ және 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы "Сертификаттау" Z990434_ , "Стандарттау" Z990433_ туралы Заңдарының енгізілуіне байланысты

Ш Е Ш Т І М :

1. 1-тармақ төмендегідей редакцияда жасалсын:

"Қалалар және аудандар әкімдері меншік нысанына қарамастан барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің "Стандарттау туралы" Z990433_ , "Сертификаттау туралы" Z990434_ және "Өлшем бірлігі туралы" Z000053_ Қазақстан Республикасы Заңдарының сөзсіз орындалуы жөнінен пәрменді

шаралар қабылдасын, сәйкестік сертификатынсыз тауарларды өткізу фактілеріне және мемлекеттік тексеруден өтпеген өлшем құралдарын пайдалануға жол бермесін."

2. 4-тармақ былай жасалсын:

"Осы шешімнің орындалуына бақылау облыс әкімінің орынбасары С.А. Құлмағанбетовке жүктелсін."

Облыс әкімінің
міндетін атқарушы

